

КҮЛӘШТЕГІ ЖЫЛЫЛЫҚ



Мен Бибігүлге айтам: «Күләштегідей жылылық сенде де бар, сенің жаның таза, жүрегің таза...» деп. Күләш сахнаға жарқ етіп шыға келгенде еңсең түсіп, шаршап отырған болсаң, соның бәрі ұмытылып, бейне кең далаға, хош иісті таза ауаға шыққандай тынысың кеңіп сала беретін.

Оның бойындағы сондай табиғи кеңдік, жылылық кез келген адамда бола бермейді. Менің бір байқағаным: кішкентай балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдер мен дәрігерлерде сондай қасиет басым болады екен. Олардың жүзінен жылы лебіз есіп тұратындай.

Кейде ауырып қалып, қайтсем тәуір боламын деп дәрігердің алдына барғанымда ауруымды да ұмытып кетемін. «Айналайын, сенің алдыңа келсем-ақ бүкіл сырқаттан құлан-таза айығып кетемін», – деймін дәрігеріме күліп.

«Қазақ әдебиеті». –2001. – 28 желтоқсан